

20. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. 1936, 476 б.
21. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. II. 1936. 75 б.
22. Мініс Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей.

Қыдырбек Қиысхан, магистрант
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ЖАППАЙ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ТИГІЗГЕН ЗАРДАПТАРЫ

1928 жылы Моңғол Халық Республикасы партиясының VII съезі мен мемлекеттік V съезі шақырылып, байларды жойып, олардың мал-мүлкін тәркілеу туралы шешім қабылданды. Осы съезде «Аз ұлттар арасына нағыз халықтық әкімшілік ұйымдарын орнату» қаулысы да қабылданды [1]. Съезд партияның интернационалдық саясатын қолдап, ұлтшылдық көзқарастан арылу керек деп шешті.

Осы саясатты астыртын жүзеге асыру кезінде, 1931 жылы Моңғолдың ішкі өлкелерінде наразылық білдірген ламалар (дінбасылар) қозғалысы бой көтерді [2]. Ол ешбір келісім-ымырасыз қарулы күшпен басылды.

1934 жылы қарашада Моңғолияның бас министрі П.Гэндэн Мәскеуде Сталинмен кездесіп, ұлттар мәселесі жөнінде мәселелер көтерілді. Негізгі тақырып моңғол дінбасыларын құрту болғандықтан, бұған министр П.Гэндэн келіспеді [3]. Ал 1936 жылы Сталин Мәскеуде Моңғолия министрі А.Амарды қабылдап, ламаларды тез арада жоюдың уақыты жеткендігін және оны іске асырудың астыртын жоспары дайын екенін мәлімдеген.

Алғашқы бір жылдың ішінде 25 600 лама «эсергу» (халық жауы) атанып, түрмеге жабылды. 1930-1931 жылдары әкімшіліктің жаңа жүйесі бойынша «хошун», «сұмын», «бақтар» құрылды. Жаңа жүйенің негізінде ең алдымен дінді ұстануға тыйым салынды. Байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы қаулыдан кейін, 1931 жылдың көктемінен бастап Қобда

бетіндегі қазақтардың біразы Алтайға ауып кетті [5]. Олар 1931 жылдың аяғы мен 1932 жылдары Қобда бетіне қайта оралған.

Ал 1938 жылы МХРП Орталық Комитетінің басқармалары қазақ, урианхай мәселелері жөнінде екі рет бас қосты. Қобда өлкесінде тұратын қазақ, урианхай ортасында жергілікті әкімшілік орнату, өндіріс, сауда орындарын құрып, партия, жастар ұйымдары, кәсіподақтар орнатуға бағытталған іс-шаралар жүргізу жөнінде мәселелер көтерілді. 1938 жылдың 27 маусымында болған алғашқы отырыста МХРП Орталық Комитеті: «Қобда аймағындағы аз ұлттар, әсіресе, қазақ, урианхайлар ортасында бүгінгі күнге дейін әкімшілік билік феодалдар қолында. Сонымен қоса, феодалдық заң мен салт бұрынғыдай сақталып отыр» [6],- деп көрсетті. Комитет қаулысымен аз ұлттар ортасында бұрын «хошун» деп аталып келген әкімшілік басқару ұйымын сұмын, бақ болғызып, өзгертіп, демократиялық сайлау кезінде басшы тағайындау, жаңадан құрылған әкімшілік орталықтарды жергілікті жер-су аттарымен атау туралы шешім шығарылды.

Осы аталған жағдайлардың негізінде Қобда өлкесіндегі аз ұлттар, әсіресе, қазақтар арасында «халық жауы» деген айдармен қуғындау істері басталып кетті Зерттеуші А.Мауараұлы 1938 жылдың аяғына дейін 800-ге тарта адам «эсергу» деп ұсталғандығын [7] жазса, кейбір моңғол тарихшылары бұл көрсеткішті 2000 қазақ

азаматы ұсталған деп көрсетті. Қолға түскендерді Қобда қаласының ішкі істер органдарында тергеп, сондағы түрмелерге қамаған.

1938 жылдың 16 желтоқсанында МХРП Орталық Комитеті Моңғолияның батыс өлкесіндегі аз ұлттар жөнінде тағы да өте маңызды қаулы қабылдады. Қаулыда ұлт мәселесі туралы соңғы кезде бірнеше маңызды шаралар жүзеге асырылды [8]. Атап айтқанда, бұл Қобда өлкесіндегі ең алдымен қазақ, урианхай қатарлы аз ұлттарға жер бөліп беру және феодалдық құрылыста болып келген қазақ хашуны әкімшілігін өзгертіп, заңды тұрғыдан сайлау жүргізу арқылы билікті біржолата партиялық негізде орнату істерін нақтылай іске асыру тапсырылды.

Бұдан бұрын, 1930 жылы қазақтар арасында билер соты жойылып, халық өкілдері қатысуымен жүргізілетін сот жүйесі құрылған болатын [9]. Жоғарыдағы «заңды тұрғыдан» деп тұрғанымыз халық арасынан сайланған заң немесе құқық қорғау органдары өкілдерінің аз ұлттарды ескі санадан жанаша көзқарасқа өзгерту деп түсінуге болады. Өйткені, социализмдік кез-келген жерлерде заң тұрғысынан шешіле қоятын мәселелердің барлығының ар жағында ең алдымен ұлттық сананы бұру жатыр. Оған дәлел – Орталық Комитеттің қаулысы бойынша Қобда бетіндегі қазақтарға Хужирт (Құжырты), Цагаангол, Дэлүүн, Толбо (Тұлба), Уланхус (Ұланқұс), Цагааннуур (Ақкөл), Баяннур сұмындары берілген болса, урианхайларға Алтанцөгц, Цэнгэл, Саксай сұмындарын берді. Жаңадан құрылған сұмындардың жерін ұлғайту үшін қазақ, урианхайларға қосымша 35 мың шаршы шақырым жер бөлінді [10]. Қазақтарға осыншама жерді бөліп беріп, өз ішінен басшы сайлату партиясының саяси науқандарды жүргізуіне оңтайлы сәт болды.

Екінші жағынан, Орталық Комитет пен большевиктік саясатты қолда-

маған Гэндэн (жоғарыда аталған Моңғолияның бас министрі – Қ.Қ.), Дэמיד бастаған моңғол азаматтарын жалған жаламен ұстау – қазақ арасындағы беделді ел басшыларының тұтқындалуына тікелей әсер етті. Ұлт-азаттық күрестің қазақтар арасынан шыққан басшысы Т. Дәуітбай мен Дэמידтің қолынан орден таққан хашун бастығы Тұрды секілді оннан аса адамды Гэндэн-Дэמידтердің сыбайластары деген жалған жаламен айдап әкеткен. Сонымен қатар Найман рулы бір топ ер-азаматтарды да «Қазан төңкерісінің қашқындары» деп тұтқынға алған. Бұл туралы зерттеуші А.Мауқараұлы мынадай мысал келтіреді: «Ең бір ақылға сыймайтын жағдай арабша хат танитын, ақыл тоқтатпаған 17-18 жасар бозбалалардан бастап, 80-90-дағы төсек тартып жатқар қарияларды да ұстап, түрмеде азаптап өлтірген. Тіпті, Ителі руының 103 жастағы Ызғынбай деген қарияны ұстап, атқа таңып әкеле жатқанда «Үш шеңкір» деген жерде жолда өлген» [11].

Қобда бетіндегі ұсталған адамдардың саны әр әкімшілік аудандарда әртүрлі болды. Олардың ішінде ең көп тұтқындалғаны Бұлғын бойының 200-ге тарта адамы екендігі Баян-Өлгей тарихында нақтылы деректермен жазылған [12]. Бұл оқиға тарихта «Ел үріккен жыл» деген атпен қалды. Эсергу ұстаудың тоқтамасын білген ел 1943 жылы жаппай Шыңжанға қарай көше бастады. Үш бақтың көші шекарадан Алтайға қарай асып бара жатқан жолда қырғынға ұшырайды. Бұл оқиға жайында Моңғолия Жазушылар Одағының мүшесі (1975 жыл) және Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі (1993 жылдан) Зұқай Шәрбақынұлы өзінің «Киелі қанның тамшысы» [13] атты еңбегінде біраз естеліктер жазды. Осы көште тарихшы М.Қабышұлының анасы да оққа ұшып, бауырыныдағы баласы тірі қалған. Ал жүзден астам үй Шыңжанды қыстап шығады.

1944 жылы көктемде Шығыс

Түркістанның Алтай аймағында ұлт-азаттық көтеріліс жеңіске жетті. Бұған Моңғол үкіметі ерекше мән берді. Себебі, Шығыс Түркістан тәуелсіздік ала қалса, оның ұстанатын бағыты, Моңғолдың Батыс өлкесіне деген көзқарасы Моңғол үкіметінің басты мәселесіне айналды. Өйткені, 1940 жылы құрылған Баян-Өлгей аймағының Алтай өлкесіне қарайтын жағы түгелдей дерлік қазақтар болған болса, шекара мәселесінің одан әрі ушығып кетуінен қауіптенді. Біріншіден, 1940 жылы Қобда аймағынан бөлініп шыққан Баян-Өлгейдің 8 мың отбасында 30 мың адам, олардың көбі қазақтар [14] екенін ескерсек, бұл ерекше бақылауға алынатын жағдай еді. Екінші жағы, Шығыс Түркістанның көтерілістің негізгі ошағына айналуы Қытай үкіметі мен Моңғолия арасындағы шекара мәселесін тығырыққа әкеп тіреді.

Сондықтан, 1944 жылы Моңғолдың Орталық үкіметі Шамшырұлы Ноғай деген қазақ жігітін арнайы тапсырмамен көтерілістің басшысы Оспан батырмен ресми кезігуге жіберді. Ш.Ноғай мен Оспан батыр арасындағы кездесу сәтті болып, қобдалық саяси босқындарды елге қайтаруға келісті. Ш.Ноғай Қобда мен Шығыс Түркістан арасында тиімді қатынастар орнатып, олардың бағыт-бағдары мен жалпы жағдайы туралы көптеген құнды деректер алып қайтты.

Мұндай келісімге баруға 1934 жылғы екі ел арасындағы шекара қақтығысы себеп болды. Моңғол қазақтары тарихында «Мұқыр қырғыны» деп аталған оқиғадан шекарадағы 900 отбасы жаппай жазаланған болатын.

1934 жылдың күзінде Өр Алтайдың Жылмысбай деген адамы бастаған 900 үй шекарадан Моңғолға қарай өтпекші болады. Бұдан аз уақыт бұрын Алтайдан келген қарақшы топ Моңғолдың Құба Алтай аймағына бірнеше рет шабуыл жасап, адамдарын өлтіріп, малдарын айдап әкеткен. Қарақшылар

мен олардың басшылары дер кезінде ұсталып, жазаға тартылған. Шекара әскері күшейтілді. Бірақ моңғолдың 200 шерігі (әскері-Қ.Қ.) қарақшылық әрекетті сылтау етіп, шекарадағы Жылмысбай бастаған 900 отбасын қырғынға ұшыратады [15].

Осындай күрделі жағдай ел үріккен, яғни, 1943 жылы да қайталанады. Шыңжанға өтіп бара жатқан Қобда қазақтары бақтың бастығы Өткерме мен сұмындық ішкі істер өкілі Зияны өлтіріп кетеді [16]. Сондықтан, Баян-Өлгей жеріне қайтадан көшіп барудан және ондағы жазадан қорыққан елге Н.Ноғай мен Оспан батырдың келісімі оң шешім берді.

Сөйтіп, Бұлғын бойынан үріккен ел түгелдей өз мекеніне оралды. Қарапайым халыққа үкімет тарапынан кешірім жасалғанмен, көптеген ауылдарды күштеп Қобда өзенінен өткізіп, жер аударды. Ал көшті бастап ұымдастырғандар түгелдей қатаң жазаға тартылды. Зияның өліміне байланысты деп Мәшіреп, Тоқай, Ібіке өлім жасына кесілді. Байғажы, Құсайындар ұзақ мерзімге сотталды. Ал Өткермені өлтіруге қатысқан Сарқымбай, Көксеген бастаған азаматтар да қатаң жазаланды.

1928 жылғы Моңғолдың мемлекеттік V құрылтайындағы «...Еліміздегі барлық дәулет иелері төңкерістің қас жауы, олармен аяусыз күресу керек!» [17],- деген ұраны Қобда бетіндегі дәулеттілердің 1930 жылғы Шыңжанға ауа көшуіне себеп болды. Сол кездегі Қобда бетіндегі қазақтар арасында Мәскеудегі Коминтерн атынан қазақстандық (Көкшетаудан, руы – уақ А.Мауқараұлы) Кенжебек Қосжанов есімді комиссар келіп, ел ішінде тергеу жүргізе бастайды. Жергілікті қазақтарды Моңғолдың ішкі Увс аймағына өтуге мәжбүрлейді. Бірақ Керей ішіндегі Тасбике руының Рамазан, Ібірәлі, Нұрқаш деген жігіттері Кенжебек бастаған қызылдың әскерлерін ұстап алып, Алтайдың шекарасына келді. Ондағы болған атыс кезін-

де комиссар Кенжебек оққа ұшады. Ал шекара әскерлерімен қақтығысқан ауыл Шыңжанға өтіп, Қобда бетіне қайтадан оралмады. Бұл оқиға қазақтар тарихында «Кенжебек айдаған жыл» деген атпен қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей. 1980. 4-б.
2. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 4-б.
3. Мiнiс Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей. 1960. 184-б.
4. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 4-5 б.
5. Мiнiс Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей. 1960. 72-б.
6. Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей.1980. 191б.

7. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 5-б.
8. Мiнiс Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей. 1960. 66-б.
9. Қозғанбаева Г.Б. Қазақ диаспорасы қашан, қалай пайда болды? // Қазақ тарихы . – 1995. №4. – 43-49 б.
10. Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей.1980. 192б.
11. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 4-5 б.
12. Мiнiс Ә., Сарай А. МХР Баян-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. Баян-Өлгей. 1960. 104-б.
13. Шәрбақынұлы З. Киелі қанның тамшысы. Көкшетау, 2005. 85-б.
14. Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы. Баян-Өлгей.1980. 197б.
15. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 4-б.
16. Шәрбақынұлы З. Киелі қанның тамшысы. Көкшетау, 2005. 91-б.
17. Мауқараұлы А. Қызыл қырғын.// Ақиқат. №9. 4-б.

Козыбаева М.М., магистрант

Костанайский государственный педагогический институт

**СОВЕТСКАЯ ЦЕНЗУРНАЯ ПОЛИТИКА И ЕЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ
НА ОРГАНЫ ПЕЧАТИ В КОНЦЕ 30-х ГОДОВ XX в.
(НА ПРИМЕРЕ КУСТАНАЙСКОЙ ПЕЧАТИ)**

От недалекого советского прошлого сохранились тенденция или привычка контролировать печать, не смотря на объявленную свободу слова. Это обстоятельство нередко возвращает нас к истокам такого понятия, как цензура – основного фундамента советской идеологии, без которой, возможно, она не получила бы шанса на существование в течение такого длительного времени. Одной из печальных юбилейных дат является 85-летие со дня создания 6 июня 1922 года Главлита СССР (позднее РСФСР), положившего начало невиданной в истории тотальной цензуры. Под особым контролем находились и национальные органы печати, прежде всего, из-за отдаленности от Центра и во из-

бежание проявления националистических идей на местах.

Прежде всего, представляется необходимым остановиться на понятии цензуры. Большая Советская энциклопедия дает следующее определение: «Цензура – контроль официальных (светских или духовных) властей за содержанием, выпуском и распространением печатной продукции... с тем, чтобы не допустить или ограничить распространение идей и сведений, признаваемых этими властями нежелательными или вредными» [1; с.489]. Тут же говорится о том, что «Конституция СССР гарантирует гражданам свободу печати. Государственный контроль установлен с тем, чтобы не допустить опубликования в открытой печати и распространения